

**«Баянауыл ауданы Қаратомар ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ
2025 жылғы мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қызмет есебін
жария талқылау туралы
№ 1 хаттама**

2026 жылғы 26 наурыз

Қаратомар ауылы

Өткізу уақыты: сағат 11:00

Өткізу орны: ауылдық Мәдениет үйі

Төраға: Қаратомар ауылдық округінің әкімі Б.Мұқантай

Қатысқандар: 17 адам.

Күн тәртібі

«Баянауыл ауданы Қаратомар ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ 2025 жылғы бойынша мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы қызмет есебін жария талқылау.

«Баянауыл ауданы Қаратомар ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ басшысы Б.Мұқантай есепті жария талқылауды ашты, ол 2013 жылғы 15 сәуірдегі «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабының 6-тармағына сәйкес аудандардың жергілікті атқарушы органдары, ауылдық округтердің әкімдері көрсетілетін қызметті берушілердің, мүдделі жеке және заңды тұлғалардың қатысуымен мемлекеттік қызметтер көрсету саласында жылына кемінде бір рет қызмет туралы есептерді жария талқылауды жүргізетінін түсіндірді.

Мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қызмет туралы есептерді жария талқылауды жүргізу жетекшілік ететін салада мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелерін реттейтін жергілікті атқарушы органдар қабылдаған және жоспарлаған іс-шаралар туралы халықты хабардар етуге бағытталған.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша әкім аппаратының бас маманы А.Ксентаева, барлық қатысушыларды 2025 жылдың 12 айында мемлекеттік қызмет көрсету бойынша «Баянауыл ауданы Қаратомар ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің жұмысы туралы ақпаратпен таныстырды.

2025 жылдың 12 айында көрсетілетін қызметті алушылар тарапынан шағымдар жоқ.


Жария талқылау соңында ауылдық округ әкімі қатысушыларға мемлекеттік қызметтерді көрсету және көрсету сапасын арттыруға қатысты өздерінде бар мәселелер мен ұсыныстар туралы сұрақпен жүгінді.

Барлық қойылған сұрақтарға толық түсіндірмемен жауаптар берілді. Көрсетілетін қызметті алушылар мен мүдделі тұлғалардан мемлекеттік қызмет көрсету бойынша көбірек сұрақтар мен ұсыныстар түскен жоқ.

Жария талқылау қорытындысы бойынша және мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында мыналар ұсынылды:

1. Халыққа уақытылы және сапалы мемлекеттік қызмет көрсету;
2. Көрсетілетін қызметті алушылармен мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша, сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді электрондық түрде алу мүмкіндігі туралы түсіндіру іс-шараларын тұрақты негізде жүргізу;
3. Мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы мамандардың уақытылы біліктілігін арттыру.

Төраға:



Б.Мұқантай

Хатшы:



А.Ксентаева